

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 6 шілде N 935. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.07. N 883 қаулысымен. ~P020883

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1998 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығын U984189_ іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын

кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бір ай мерзімде шағын кәсіпкерлікті дамыту жөнінде комиссиялар құрсын және олардың ережесін бекітсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 6 шілдедегі
N 935 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылатын жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 P990247_ қаулысын, сондай-ақ осы Е р е ж е н і б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

2. Комиссияның міндеттері

3. Қазақстан Республикасының "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Заңын іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға жәрдемдесу.

4. Заңдарда белгіленген тәртіппен кәсіпкерлердің мүдделерін білдіру, заңды құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларын қабылдау, (дайындау) кезінде олардың пікірлерін ескеру.

5. Кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің конструктивті бастамаларын қолдау, әр кәсіпкердің экономикалық дамыған мемлекет құрудағы және республика азаматтарының әл-ауқатын арттырудағы белсенді өмірлік п о з и ц и я л а р ы н н а с и х а т т а у .

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі қаулыларын бастамашылықты дайындау және оларды сараптауға қатысу.

7. Шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау жөніндегі мақсатты бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіруге және іске асыруға жәрдемдесу.

3. Комиссияның құрамы

8. Комиссияға Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басшылық жасайды.

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252
қаулысымен.

P000252_

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.03.19. N 355
қаулысымен.

P010355_

9.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252
қаулысымен.

P000252_

10. Комиссияның жеке құрамын Комиссияның жұмыс органының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Комиссияның құрамына мемлекеттік органдардан мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары деңгейінде мәртебесі бар өкілдер енгізіледі, қоғамдық бірлестіктерден шағын кәсіпкерлік субъектілерін саны кемінде үштен бірін құрайтын республикалық қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252
қаулысымен. P000252_

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.02.01.
N 153 қаулысымен. P020153_

11. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасының

Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне жүктеледі.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252 қаулысымен.

P000252_

12. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру жолымен қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады және, егер оған Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілсе қабылданған деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

13. Комиссияның шешіміне Комиссияның төрағасы қол қояды.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252 қаулысымен.

P000252_

14. Комиссия мүшелерінің, оны білдірген жағдайда, жазбаша түрде мазмұндалуы және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі тиіс ерекше пікірге құқығы бар.

15. Комиссияның жұмыс органы:

Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныс дайындайды;

Комиссия шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді және бақылайды;

Комиссияның мүшелері мен оның қызметіне тартылған мамандардың жұмысын үйлестіреді.

ЕСКЕРТУ. 15-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252 қаулысымен.

P000252_

4. Комиссия қызметінің негізгі бағыттары

16. Комиссия өзінің міндеттеріне сәйкес:

шағын бизнестің салалық, кәсіби және аумақтық одақтарымен, ассоциацияларымен және шағын бизнес бірлестіктерімен, басқа да кәсіпкерлік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

келісілген шешімдерді пысықтау және шағын бизнес саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру үшін уәкілетті мемлекеттік органмен, сондай-ақ шағын кәсіпкерлікті қолдауды жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдармен тұрақты өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

департаменттермен, комитеттермен, басқармалармен және атқарушы өкіметтің басқа да аумақтық органдарымен өзара іс қимылды жүзеге асырады. Осы мақсатта оларға тиісті органдар мен ұйымдардың өкілдерін шақыра отырып, Комиссияның бірлескен тақырыптық отырыстарын ұйымдастырады;

заңдарда белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерліктің өкілдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімдерінің жобасын дайындауға, шағын кәсіпорындарға, шағын бизнес саласындағы кәсіпкерлердің одақтарына, бірлестіктеріне, ассоциацияларына ұйымдастырушылық, қаржылық, материалдық-техникалық көмектер көрсету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге т а р т а д ы ;

заңдарда белгіленген тәртіппен шағын кәсіпкерліктің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын бастамашылдықты дайындау мен с а р а п т а у д ы жүзеге асырады ;

шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың мемлекеттік, аумақтық

және салалық бағдарламаларын әзірлеуге, оларды үйлестіруді және іске асыруды қамтамасыз етуге қатысады;

шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, олардың бірлестіктерінің, одақтарының, ассоциацияларының оларды іске асыруға қатысуымен, аймақтардың өзекті әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеуге қатысады;

шағын кәсіпкерлік саласындағы жобалар мен бағдарламаларға сараптама жүргізеді және оларды қаржыландыру мен іске асыруға ұсыным жасайды.

5. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

17. Комиссия өз қызметін жүзеге асыру үшін:

заңдарда белгіленген тәртіппен Комиссияның жұмысы үшін ғалымдардың, беделді кәсіпкерлердің, басқару органдары өкілдерінің және басқа да мамандардың қатарынан сарапшылар мен консультанттарды тартады; уақытша және тұрақты істейтін сараптамашылар мен жұмыс топтарын ұйымдастырады;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

Кеңсесінен және өкіметтің атқарушы органдарынан қажетті ақпараттар, талдаулық, анықтамалық-статистикалық материалдар, сондай-ақ ведомстволық және нормативтік құқықтық-актілер алады;

жергілікті атқарушы органдар жанындағы Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның қызметін үйлестіреді.

ЕСКЕРТУ. 17-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.03.19. N 355 қаулысымен.

P010355_

18. Комиссия өзінің жұмысын реттейтін ішкі құжаттарды дербес қабылдайды.

19.

ЕСКЕРТУ. 19-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252 қаулысымен.

P000252_

20. Комиссияның отырысын қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет Комиссияның төрағасы шақырады.

Үкіметінің 1999 жылғы
6 шілдедегі N 935 қаулысымен
бекітілген

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.02.15. N 252
қаулысымен.

P000252_

ЕСКЕРТУ. Қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.03.19. N 355
қаулысымен.

P010355_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.28. N 1116 қаулысымен.

P011116_

ЕСКЕРТУ. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.12.19. N 1654 қаулысымен.

P011654_

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссияның
құрамы

Мәсімов - Қазақстан Республикасы Премьер-
Кәрім Қажымқанұлы Министрінің орынбасары, төраға

Досаев - Қазақстан Республикасы Табиғи
Ерболат Асқарбекұлы монополияларды реттеу, бәсекелестікті
қорғау және шағын бизнесті қолдау
жөніндегі агенттігінің төрағасы

Мейрамбеков - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"
Теміржан Қадырбекұлы ЖАҚ басқармасының төрағасы
(келісім бойынша)

Коржова - Қазақстан Республикасының Қаржы
Наталья Артемовна вице-министрі

Нефедов - Қазақстан Республикасының Энергетика
Петр Петрович және минералдық ресурстар
вице-министрі

Нұрқиянов - Қазақстан Республикасының Ауыл
Төлеухан Мұратқанұлы шаруашылығы вице-министрі

Толқаншынов - Қазақстан Республикасының Әділет
Әнуар Құрманбайұлы вице-министрі

Өмірбаев - Қазақстан Республикасының Еңбек
Әділхан Әбдірахманұлы және әлеуметтік қорғау вице-министрі

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Бектас Ғафурулы министрлігі Мемлекеттік сатып алу
жөніндегі комитетінің төрағасы

Белоног - Қазақстан Республикасы Денсаулық
Анатолий Александрович сақтау ісі жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары, Қазақстан
Республикасының бас Мемлекеттік
санитарлық дәрігері

Елшібеков - Қазақстан Республикасының
Серікбек Кеңесбекұлы Мемлекеттік кіріс министрлігі
Әкімшіліктендіру департаментінің
директоры

Нәубетова - Қазақстан Республикасы Министрінің
Рашида Аронқызы - Қазақстан Республикасының
Президенті жанындағы Отбасы және
әйелдер істері жөніндегі Ұлттық
комиссиясы төрағасы хатшылығының
сектор меңгерушісі

Абт - Қарағанды облысы кәсіпкерлер
Николай Викторович қауымдастығының президенті
(келісім бойынша)

Әділбеков - Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Дәурен Зәкенұлы

Бессонов - Қазақстан Республикасы Жиназ және
Евгений Анатольевич ағаш өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары
қауымдастығының вице-президенті
(келісім бойынша)

Бижкенова - Астана қаласындағы адвокаттар
Раушан Ермекқызы алқасының "Шағын бизнес адвокатурасы"
заң кеңесінің меңгерушісі
(келісім бойынша)

Казанцев - Астана қаласы кәсіпкерлерінің
Павел Олегович құқықтарын қорғау жөніндегі
қауымдастығының президенті

(келісім бойынша)

Кәкімжанова - техникалық ынтымақтастық
Жарқын Әулиеханқызы жөніндегі (GTZ) неміс қоғамы
өкілінің орынбасары, Қазақстандағы
шағын және орта кәсіпкерлікті
қолдаудың аймақтық жобасының
үйлестірушісі (келісім бойынша)

Касумов - Қазақстан фермерлер "ҚазАгро"
Борис Ибрагимович ұлттық федерациясының президенті
(келісім бойынша)

Захаров - Алматы кәсіпкерлері
Андрей Михайлович қауымдастығының вице-президенті
(келісім бойынша)

Смагин - Қазақстанның Рыноктар және
Алексей Петрович кәсіпкерлер қауымдастығының вице-президенті
(келісім бойынша)

Мамин - Қазақстан Республикасының
Асқар Ұзақбайұлы Көлік және коммуникациялар
вице-министрі

Мұртазаев - Қазақстан Республикасының
Мұрат Арзаұлы Экономика және сауда
вице-министрі

Кононова - Қазақстан Республикасының
Татьяна Ильинична Сауда-өнеркәсіп палатасы одағының
вице-президенті (келісім бойынша)

Тоқаев - "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі
Әкбар Қуанышбайұлы республикалық ақпараттық-көрме
орталығы" жабық акционерлік
қоғамының президенті (келісім
бойынша)

Доскенов - Кәсіпкерлердің Орталық Қазақстан
Талғат Қазкенұлы қауымдастығының президенті
(келісім бойынша)

Резван - "Алматы қаласы қоғамдық
Василий Александрович тамақтандыру және қызмет көрсетулер саласы
кәсіпорындарының комитеті" қоғамдық
бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.